

«Желтоқсан шежіресі – елімнің мәртебесі» танымдық сабақ  
Кітапханашы А. Ахметова

**Мақсаты:** оқушыларға 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының болу себептерін және тәуелсіздіктің қадір-қасиетін түсіндіру.

**Тәрбиелігі:** Отан-Ананы құрметтеу, тәуелсіздікті бағалай білуге, ұлтжанды, елжанды болуға, елінің тәуелсіздігі жолында күрескен ерлердің қаһармандығы мен күрескерлік ерліктерін әрдайым есте ұстауға, үлгі ете білуге үйрету.

**Дамытушылығы:** оқушының ойын жеткізе білуі мен тіл байлығын дамыту, өлеңді мәнерлеп оқу, әр сөздің айтылуына көңіл бөлу, дикциясы мен интонациясын дамыту.

**Көрнекілігі:** Желтоқсан қаһармандарының суреттері (Қайрат, Лаззат, Сәбира, Ербол), интерактивті тақта, тақырып желісі бойынша слайдтар, мазмұнды суреттер, шарлар, нақыл сөздер.

Ұйымдастыру. Кіріспе сөз.  
Құрметті ұстаздар, оқушылар!

Біз бүгін дүниені дүр сілкіндіріп, тәуелсіздік туын ең алғаш көтерген әйгілі 1986 жылдың желтоқсанына арналған «Желтоқсан шежіресі – елімнің мәртебесі» атты тәрбие сағатын ашық деп жариялаймыз. 1986 жылы 16-17 желтоқсанда Алматы қаласы бұрынғы астанамыз қазіргі бас қаламызда мыңдаған қазақ жастары наразылық білдіріп, бейбіт шеруге шықты. Бұл желтоқсан көтерілісіне қазақтың ел аузында жүрген, тарихта аты қалған Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сабира Мұхаметжанова, Ербол Сыпатаев сынды аға-апаларымыз қатысты. Енді міне, осы желтоқсан көтерілісіне қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армаандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік.

Армысыздар, аяулы халқым менің!

Ардақта дәстүрінді салтыңды елім.

Мереке басы болсын берекенің,

Игі еңбек жемісінің бәрін жегін

Тәуелсіз еліміздің ұлағатты ұрпағы. Тарихымызда ерекше орны бар, халқымыздың қасіреті мен ар-намысына, сонымен бірге мақтанышына айналған оқиға – бұл 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы болатын.

Әр дәуірдің еркіне сай  
Нарқы өзгерген алтынның.  
Айналайын, алтын әнім,  
Жас өркені халқымның.  
Желтоқсанда шындық жырын  
Шырқаймын деп шарқ ұрдың,  
Желтоқсанда егеменді,

Ел болсақ деп талпындың.

1986 жылы 17 – желтоқсанда Алматы қаласында мыңдаған қазақ жастары наразылық білдіріп, шеруге шықты. Олар «қазақ елінің өз көсемі сайлансын» деген тілек білдірді.

Сол кездегі үкімет басшыларының бұйрығымен оларға күш көрсетілді. Көптеген жастар түрмеге камалды. Оларға желтоқсанның ызғарлы күнінде зәбір көрсетілді. Өз елінің тәуелсіздігін талап етіп, шеруге шыққан жастарға «бұзақылар», «ұлтшылдар», «нашақорлар» деген кінә тағылды.

Нашақор деп, ұлтшыл деп,

Қазаққа күйе жаққан күн

Базары кетіп бір күнде

Қайғыға халық батқан күн

Әділдікпен шындықты

Өтірік жала жапқан күн.

Желтоқсан-заман толғағы байтақ даланың

Шарпысқан сәтті үміт пен күдік наланың.

Қайрат, Ләззат, Сәбира

Құрбаны болған жаланың.

Надан жасаған сұмдықтан

Адамдар азап шеккен күн,

Қасқалдақ ұшып көлінен

Шүрегей келіп қонған күн.

Қырандар қуып көгінен

Қарғалар билік алған күн.

Шектеліп ана тіліміз,

Оқылмай өлең-жырымыз

Жабылып жатса мектептер

Жадырар қалай күніміз?

Тарылып жатса даламыз

Қайтіп біз тыныс аламыз?

Қақымыз да жоқ айтуға

Әділет қайдан табамыз?  
Бүрк етті қазақ баласы  
Кеудеге өршіп наласы  
Алаңға қарай ағылды  
Таусылып барлық шарасы  
Жанымыз жомарт қазақпыз  
Мәңгүрт боп кете жаздаппыз  
Қосайық басты, бауырлар,  
Жанайық жансақ маздап біз.

Желкеге тиді сілтеген күрек, қамшылар,

Сокқыға мұндай, қасапқа қандай жан шыдар?

Жастарға шашқан мұз судан мұз шашырап,

Ауылда жатқан маған да тиді тамшылар.

Жас арудың жанарында –Желтоқсан,

Қанды ғасыр табанында –Желтоқсан

Қаралы өмір қайыстырған халқымның,

Қара тұман қабағында –Желтоқсан.

Жауыздықты жасаған да-Желтоқсан

Жаңа ғұмыр бастаған да –Желтоқсан

Жазықсыздың көз жасына жуынып,

Абақтыға тастаған да-Желтоқсан

Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,

Лаула!Лаула!Желтоқсанның мұзда жанған алауы!

Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің,

Ешқашанда тиісті емес еңкеюге жалауы!

Иә, бұл күнге жету үшін ата-бабамыз қан төкті, жанын берді, бүкіл жеріміздің тұтастығын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа табыс етті.

Бірақ қазақтың өр өлдары мен ер қыздары көбеймесе азаймады. Оның айғағы – ~~30~~ жыл бұрынғы ел намысы үшін жанын құрбандыққа қиған желтоқсандықтар болатын.

Оның айғағы – дүниені дүр сілкіндіріп, әлемге қазақ деген атты паш еткен Желтоқсан оқиғасы.

Қақап күннің ызғары

Сүйектен өтіп кеткен күн.

Қаракөз қазақ қыздарын

ОМОН-дар бастап тепкен күн

Қариялар итке таланып,

Ел басын күрек шапқан күн

Аппақ қар қанға боялып,

Қып-қызыл мұз боп жатқан күн.

Желтоқсан – тарихымда әйгілі күн,

Ерттеп мініп ар – ождан сәйгүлігін

Ерлерім елдік үшін атой салып,

Еншілер қайтарған бәйгелі күн.

Қыздары көп қазақтың – демекші өзінің жас өмірін қиып кете берген Сабира

Мұхаметжанова өмір жолымен танысып өтейік.

Сабира Мұхаметжанова 1985 жылы сегіз жылдық мектепті үздік бітіріп, бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын оқу орнына студент болып қабылданды. Ол Алматыдағы жастар шеруін жұдырықтай жүрегімен қолдап, Өскемен қаласының көңілі ашық, көкірегі ояу студенттерімен бірге Ушанов алаңына қарай өлең айтып, шеру тартты. Өскемен жиналысында Сабираны айыптап, тәртіпсіз деп бағалаған. Сөйтіп, албырт жас жатақхананың өзі тұратын бөлмесінің терезесінен секіріп қаза тапты.

Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,

Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.

Кеуденде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның

## Мәлімет

«Суындық» жалпы білім бірлiгiн мектепте мектеп кiтапханасында «Желтоқсан шежiресi- елiмнiң мәртебесi» тақырыбында танымдық сабақ өткiзiлдi.

